

Жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй салуға 2004 жылға кредит берудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 маусымдағы N 709 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына тұрғын үй салуға сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша 2004 жылға кредит беру ережесі бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) тиісті мәслихаттар облыстардың, Астана, Алматы қалаларының 2004 жылға арналған бюджеттерінде тиісті түсімдерді, сондай-ақ осы қаулының 3-тармағын орындауға байланысты бағдарлама бойынша шығыстарды көздейтін шешімдер қабылдағаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін берсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы қаулының 2-тармағы орындалғаннан кейін жергілікті атқарушы органдарға 2004 жылға арналған республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражаттан Ережеде көзделген шарттармен 12460000000 (он екі миллиард төрт жүз алпыс миллион) теңге сомасында тұрғын үй салуға кредиттер бөлсін, оның ішінде:

Ақмола облысына	-	256000000	теңге;
Ақтөбе облысына	-	1100000000	теңге;
Алматы облысына	-	803100000	теңге;
Атырау облысына	-	1375000000	теңге;
Шығыс Қазақстан облысына	-	825000000	теңге;
Жамбыл облысына	-	352000000	теңге;
Батыс Қазақстан облысына	-	1100000000	теңге;
Қарағанды облысына	-	377300000	теңге;
Қостанай облысына	-	253300000	теңге;
Қызылорда облысына	-	341000000	теңге;
Павлодар облысына	-	539000000	теңге;
Солтүстік Қазақстан облысына	-	318000000	теңге;
Оңтүстік Қазақстан облысына	-	1650000000	теңге;

Астана қаласына - 1520300000 теңге;

Алматы қаласына - 1650000000 теңге

2) жергілікті атқарушы органдардың кредиттерді мақсатты пайдалануын бақылауды қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың кредитті қайтаруын қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М.Мыңбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 26 маусымдағы

N 709 қаулысымен

бекітілген

Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына тұрғын үй салуға сыйақының (мүдденің) нөлдік ставкасы бойынша 2004 жылға кредит беру ережесі

1. Осы Ереже "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңында көзделген қаражат есебінен 12460000000 (он екі миллиард төрт жүз алпыс миллион) теңге сомасында облыстардың, Астана, Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) тұрғын үй салуға 2004 жылға кредит беру тәртібін анықтайды.

2. Жергілікті атқарушы органдарға кредиттер тұрғын үй салуға 2 (екі) жыл мерзіммен сыйақының нөлдік ставкасы бойынша бөлінеді.

3. Жергілікті атқарушы органдар толық әрлеуде 1 (бір) шаршы метрі 350 (үш жүз елу) АҚШ долларына бара-бар сомадан аспауы тиіс тұрғын үй салуды қамтамасыз етеді.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамаға сәйкес:

1) осы Ережеге қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша жергілікті атқарушы органдармен және республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісімен үш жақты кредит келісімдерін жасайды;

2) кредиттердің мақсатты пайдаланылуын және республикалық бюджетке уақтылы өтелуін бақылауды қамтамасыз етеді.

5. Жергілікті атқарушы органдар кредиттерді республикалық бюджетке белгіленген мерзімде қайтаруды жүргізеді.

6. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамаға сәйкес жергілікті атқарушы органдар қаражатты мақсатсыз пайдалану және кредитті уақтылы қайтармау

фактілерін анықтаған жағдайда, жергілікті атқарушы органдарды 7 (жеті) жұмыс күні і ш і н д е :

1) мақсатына сай пайдаланылмаған соманың 25 (жиырма бес) пайызы мөлшерінде есептелген айыппұлдарды ескере отырып, мақсатына сай пайдаланылмаған соманы республикалық бюджеттің кірісіне;

2) кредит бойынша әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде өсімақы аудару қажеттілігі туралы хабардар етеді.

7. Жергілікті атқарушы органдар осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген іс-шаралар жүргізілгеннен кейін міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) жергілікті атқарушы органдардың келісімінсіз жергілікті бюджеттердің шоттарынан берешек соманы және есептелген өсімақы сомасын республикалық бюджеттің кірісіне есептен шығаруды жүргізеді;

2) заңнамада көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдайды.

Қосымша

N _____ Кредит келісімі

Астана қаласы

2004 жылғы " ____ " _____

Бұдан әрі "Кредит беруші" деп аталатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 қыркүйектегі N 962 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы ереженің негізінде әрекет ететін _____, бір тараптан,

бұдан әрі "Әкімші" деп аталатын Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің атынан Қазақстан Республикасы Үкіметінің " ____ " _____ N _____ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі туралы ереженің негізінде әрекет ететін _____, екінші тараптан,

бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталатын _____ жергілікті атқарушы органының атынан "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде әрекет ететін Әкім _____, үшінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар мыналарды:

1) "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын ;

2) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - Заң);

3) "2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы " ____ " _____ N _____ қаулысын;

4) "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер үшін бюджеттің атқарылуы және есептілік нысандарын жүргізу (мерзімдік және жылдық) жөніндегі қаржылық рәсімдердің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2002 жылғы 25 шілдедегі N 832 қаулысын ;

5) "Жергілікті атқарушы органдарға тұрғын үй салуға 2004 жылға кредит берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы "___" ___
___ N_____ қаулысын (бұдан әрі - Қаулы);

6) Келісімде айтылған басқа құжаттарды назарға ала отырып, мына төмендегілер туралы осы Кредит келісімін (бұдан әрі - Келісім) жасасты.

1. Келісімнің мәні

1.1. Заңға сәйкес Кредит беруші Қарыз алушыға _____ "___" _____ дейін өтеу мерзімімен сыйақының нөлдік ставкасы бойынша _____ теңге сомасында Қаулыда көзделген мақсаттарға қаражат (бұдан әрі - Кредит) бөледі.

2. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

2.1. К р е д и т б е р у ш і :

2.1.1. Қарыз алушының Кредитті мақсатты пайдалануын, сондай-ақ Қарыз алушының Келісім бойынша міндеттемелерін уақтылы және толық орындауын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

2.2. К р е д и т б е р у ш і н і ң :

2.2.1. Қарыз алушыдан және Әкімшіден Кредитті игеруге және уақтылы қайтаруға байланысты барлық қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

2.2.2. Мақсатсыз пайдалану фактісі анықталған кезде Қарыз алушыдан Келісімнің 3.1-тармағында көрсетілген айыппұлды ескере отырып, Кредитті мақсатсыз пайдалану с о м а с ы н ө н д і р і п а л у ғ а ;

2.2.3. Кредитті уақтылы қайтармаған жағдайда Қарыз алушыдан Келісімнің 3.2-тармағында көрсетілген мөлшерде айыппұл өндіріп алуға;

2.2.4. Кредит белгіленген мерзімдерде қайтарылмаған не мақсатсыз пайдаланылған жағдайда Кредит беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған тәртіппен өтелмеген борыштың сомасын есептен шығаруды жүзеге асыру үшін Қарыз алушының ағымдағы шоттары бойынша барлық шығыс операцияларын тоқтатуға қ ұ қ ы л ы ;

2.2.5. Қарыз алушы Келісімде көзделген міндеттемелерді орындамаған кезде Қарыз алушыға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қ о л д а н у ғ а ;

2.2.6. Қарыз алушыдан 2004 жылға арналған облыстық бюджетте кредиттер бойынша түсімді және тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджетте өтеуді көздейтін мәслихаттың шешімін (бұдан әрі - Мәслихаттың шешімі) сұратуға және алуға қ ұ қ ы ғ ы б а р .

2.3. Ә к і м ш і :

2.3.1. Кредит берушіге Келісімнің шарттарын орындауға байланысты барлық қажетті ақпаратты беруге ;

2.3.2. Қарыз алушы Мәслихат шешімін бергеннен кейін 10 (он) күн ішінде

Кредиттің барлық сомасын шотқа аудару жөніндегі қажетті іс-шараларды өткізуді қ а м т а м а с ы з е т у г е ;

2.3.3. Қарыз алушының Келісім бойынша міндеттемелерін уақтылы және тиісінше орындауын бақылауды жүзеге асыруға міндетті.

2 . 4 . Ә к і м ш і н і ң :

2.4.1. Қарыз алушыдан Кредитті игеруге және уақтылы қайтаруға байланысты барлық ақпаратты сұратуға және алуға;

2.4.2. Қарыз алушыдан Мәслихаттың шешімін сұратуға және алуға құқығы бар.

2 . 5 . Қ а р ы з а л у ш ы :

2.5.1. Кредит берушіге және Әкімшіге Мәслихаттың шешімін беруге;

2.5.2. Кредитті мақсатына сай қатаң пайдалануға;

2.5.3. Кредитті 2006 жылғы _____ дейін қайтаруға;

2.5.4. Келісім бойынша құқықтары мен міндеттерін үшінші тұлғаларға бермеуге ж ә н е қ а й т а б е р м е у г е ;

2.5.5. Кредит берушіні және Әкімшіні Кредитті уақтылы игермеуге және өтеуге әсер етуі мүмкін барлық фактілер туралы уақтылы хабардар етуге;

2.5.6. Кредит берушінің және/немесе Әкімшінің бірінші талабы бойынша Кредитке байланысты барлық ақпаратты беруге;

2.5.7. Кредит беруші белгілеген нысандарда және мерзімдерде Кредит бойынша е с е п т і л і к б е р у г е м і н д е т т і .

2 . 6 . Қ а р ы з а л у ш ы н ы ң :

2.6.1. Қарыз алушының Келісім шарттарын толық, нақты және уақтылы орындауы үшін қажетті ақпаратты Әкімшіден алуға құқығы бар.

3. Тараптардың жауапкершілігі

3.1. Кредитті мақсатсыз пайдаланған жағдайда Кредитті мақсатсыз пайдалану фактісі анықталғаннан кейін 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қарыз алушы Кредиттің мақсатсыз пайдаланылған сомасын республикалық бюджеттің кірісіне қайтарады, Кредитті мақсатсыз пайдалану сомасының 25 (жиырма бес) пайызы мөлшерінде а й ы п п ұ л т ө л е й д і .

3.2. Қарыз алушы Кредиттің толық және уақтылы қайтарылуына жауап береді. Төлеу мерзімін бұзған кезде Қарыз алушы республикалық бюджеттің кірісіне әрбір кешіктірген күн үшін Кредит бойынша берешек сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір) пайыз мөлшерінде өсімақы аударады.

4. Форс-мажор

4.1. Тараптар, егер бұл зілзала, әскери іс-қимылдар және тараптардың еркінен тыс өзге жағдайлар жататын тежеусіз күш жағдайларының салдары болып табылатын болса , Келісім бойынша кез келген өз міндеттемелерінің толық немесе ішінара орындамаудан жауапкершіліктен босатылады.

4.2. Келісімнің 4.1-тармағында көрсетілген тежеусіз күш жағдайлары салдарынан

міндеттемелерді орындамау мүмкіндігі болған Тарап мұндай жағдайлар басталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы басқа тараптарды жазбаша хабардар етуге және уәкілетті мемлекеттік органдардың тежеусіз күш жағдайларының туындауын және мұндай іс-әрекеттердің мерзімдерін растайтын жазбаша актілерін (өзге құжаттарын) беруге міндетті.

4.3. Тарап 3 (үш) күнтізбелік күннің ішінде бұл ретте Келісім бойынша міндеттемелерді орындау ұйғарылатын мерзімді көрсете отырып, көрсетілген жағдайлардың әрекет етуін тоқтату туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

4.4. Тежеусіз күш жағдайлары туралы уақтылы хабардар етпеу оған сілтеме жасайтын тарапты одан әрі жауапкершіліктен босату ретінде мұндай жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырады.

4.5. Тежеусіз күш жағдайлары туындаған жағдайда Келісім бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдары әрекет ететін уақытқа тең мерзімге кейінге қалдырылады.

5. Қосымша ережелер

5.1. Келісімде реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

5.2. Келісім Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан бірдей заң күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалды.

5.3. Келісімге өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалса, Тараптар қол қойған және мөрлермен бекітілсе жарамды.

5.4. Келісімнің шарттарын орындау барысында Тараптар арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды соттан тыс тәртіппен реттеуге міндетті. Келісімге қол жеткізбеген кезде даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына с ә й к е с қ а р а л а д ы .

5.5. Келісім Кредит беруші тіркеген күнінен бастап күшіне енеді және Тараптар Келісімде көзделген барлық міндеттемелерді орындағанға дейін қолданылады.

5.6. Келісім бойынша міндеттемелерді орындаудан бір жақты бас тартуға жол берілмейді.

6. Тараптардың заңды мекен-жайлары

К р е д и т	б е р у ш і :
Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ а р ж ы	м и н и с т р л і г і ,
473000, Астана қаласы, Жеңіс даңғ., 33	_____
м.о.	Аты-жөні

Ө к і м ш і :

Қ а з а қ с т а н	Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
-------------------	-------------------------------

Индустрия және сауда министрлігі,
473000, Астана қаласы _____

м.о. Аты-жөні

Қ а р ы з а л у ш ы :

_____ облысының әкімі,

_____ қаласы

м.о.

Аты-жөні _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК